

**«Каспий» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы акционерлік қоғамы
бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы
АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Ақтау қаласы

«20» тамыз 2025 жыл

«Каспий» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Басқарма төрағасының 2025 жылғы 30 маусымдағы №64-ө «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығына сәйкес, төмендегі жұмыс тобымен ішкі талдау жүргізілді.

Жұмыс тобының құрамы:

- Комплаенс офицерінің уақытша міндетін атқарушы Иманғазин Д.Ә.;
- Басқарма төрағасының орынбасары Бекарысова Ж.Б.;
- Заң қызметінің бас маманы Алхамов М.А.

Ішкі талдау 2025 жылдың 01 шілдеден 30 шілде аралығында жүргізілді.

Ішкі талдау Қоғамның 2024 жылға және 2025 жылдың 6 айының қызметін қамтыды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл 2016 жылғы 19 қазанда №12 бұйрығымен бекітілген, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізіліп, келесі бағытта өткізілді:

1) талдау объектісінің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Ішкі талдау кезінде негізгі деректеме (дереккөз) ретінде, Қоғамның қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер мен ішкі нормативтік құжаттамалар, мекемеге түскен арыз-шағымдар, уәкілетті органдардың тексеріс нәтижелері мен ҚР сыбайлас жемқорлыққа іс-қимыл Агенттігінің әдістемелік ұсынымдары қолданылды.

1. Кадр қызметін басқару бойынша тәуекелдер:

2024 жылдың аяғында қызметкерлердің саны, штаттық кестеге сәйкес 35 бірлікті құраса, нақты саны 32 бірлікті, 3 жұмыс орны, жұмыстан босатылғандар саны – 8 (немесе 22,6 %) адамды құрап отыр.

1.2. «Каспий» ӘКК АҚ қызметкерлеріне тәртіптік жазалар қолдану (мерзімінен бұрын алып тастау) туралы

№ р/р	Тегі, аты - жөні	Атқаратан лауазымы	Тәртіптік жаза, бұйрық	Тәртіптік жазаны алып тастау, бұйрық	Ескертпе
2024 жыл					
1.	Байденова М.Ж.	Басқарма Төрағасының орынбасары	Сөгіс, 2024.12.01. № 06 - ж/қ		01.03.24ж. Еңбек шарты бұзылды, 2024.29.02. № 20 - ж/қ
2.	Ермагамбетов У.А.	Басқарма Төрағасының орынбасары	Ескерту, 2024.09.07. № 79 - ж/қ	Ескерту алынды 2024.14.08. № 95 - ж/қ	

3.	Жанахмет А.Ж.	Басқарушы директор	<i>Ескерту,</i> 2024.09.07. № 79 - ж/қ	<i>Ескерту алынды</i> 2024.14.08. № 95 - ж/қ	
4.	Ултарак А.Т.	Корпоративтік хатшы	<i>Ескерту,</i> 2024.09.07. № 79 - ж/қ	<i>Ескерту алынды</i> 2024.14.08. № 95 - ж/қ	
5.	Сұлтанғалиев С.А.	Активтер мен инвестицияларды басқару департаментінің директоры	<i>Ескерту,</i> 2024.09.07. № 79 - ж/қ	<i>Ескерту алынды</i> 2024.14.08. № 95 - ж/қ	
6.	Мусина М.М.	Активтер мен инвестицияларды басқару департаментінің бас маманы	<i>Ескерту,</i> 2024.29.08. № 100 - ж/қ	<i>Ескерту алынды</i> 2024.21.10. № 119 - ж/қ	
7.	Дуйсенов Т.К.	Құқықтық қамтамасыз ету қызметінің кепілдік бойынша маманы	<i>Сөгіс,</i> 2024.04.11. № 122 - ж/қ	<i>Сөгіс алынды</i> 2024.23.12. № 137 - ж/қ	

1.2. Жұмысқа қабылдау бойынша конкурс өткізу:

Кадр тапшылығын жою мен білікті еңбек ресурстарын жұмысқа тарту мақсатында, «Каспий» ӘКК АҚ-да персоналды іріктеу туралы Ережесі» (бұдан әрі – Ереже), «Каспий» ӘКК АҚ Басқармасының 2022 жылғы 27 шілдедегі №15 хаттамалық шешімімен бекітілген.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі мен көрсетілген Ережеге сәйкес, Басқарма Төрағасының «Үнемі әрекеттегі конкурстық комиссия құру туралы» бұйрығы қабылданды.

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау конкурс негізінде, яғни 2024 жылы 5 рет конкурс өткізілді.

1.3. Қоғам қызметкерлерінің іссапарлануы:

2024 жылда - 60 іссапарлау туралы бұйрықтар шығарылды.

Аталған іссапарлар туралы бұйрықтар, Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ДК - 76/11 – 2020 - ӘКК шешімімен бекітілген, «Каспий» ӘКК АҚ қызметкерлерінің қызметтік іссапарлары туралы Ережесінің 2 қосымшасындағы, «Қызметтік іссапар бойынша бұйрықтарды тіркеу журналымен» сәйкестендірілген.

2025 жылдың 6 айында қызметкерлердің саны, штаттық кестеге сәйкес 43 бірлікті құраса, нақты саны 34 бірлікті, 9 жұмыс орны, жұмыстан босатылғандар саны – 17 (немесе 39,5 %) адамды құрап отыр.

1.1. Жұмысқа қабылдау бойынша конкурс өткізу:

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау конкурс негізінде, яғни 2025 жылдың 6 айында 7 рет конкурс өткізілді.

1.2. Қоғам қызметкерлерінің іссапарлануы:

2025 жылдың 6 айында - 46 іссапарлау туралы бұйрықтар шығарылды.

Аталған іссапарлар туралы бұйрықтар, Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ДК - 76/11 – 2020 - ӘКК шешімімен бекітілген, «Каспий» ӘКК» АҚ қызметкерлерінің қызметтік іссапарлары туралы Ережесінің 2 қосымшасындағы, «Қызметтік іссапар бойынша бұйрықтарды тіркеу журналымен» сәйкестендірілген.

2. Бұхгалтерлік есеп және қаржылық есептілікпен Экономика және жоспарлау қызметтері бойынша тәуекелдер:

«Каспий» ӘКК» АҚ-ның Экономика және жоспарлау қызметінің (бұдан әрі - Қызмет) 2024 жылы және 2025 жылдың 6 айы бойынша атқарылған қызметі туралы анализ-анықтама.

1) Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы, ҚР «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 14 ақпандағы № 14 бұйрығымен бекітілген «Мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, мемлекеттік кәсіпорындардың даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау, сондай-ақ олардың орындалуы жөніндегі есептерді әзірлеу және ұсыну» Қағидалары және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 189 қаулысымен бекітілген «Эмитенттің ақпаратты жария ету қағидаларын, Эмитенттің жария етуіне жататын ақпараттың мазмұнына қойылатын талаптарды, сондай-ақ эмитенттің қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты жария ету мерзімдерін бекіту туралы» Қағидасы негізінде жүзеге асырады.

2) Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 24 желтоқсандағы №ДК-106/12-2024-СПК шешімімен «Каспий» ӘКК» АҚ-ның 2024-2028 жылдарға арналған Даму жоспарының орындалуы туралы 2025 жылға арналған нақтылау есебі бекітілді;

3) Қоғамның Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 24 желтоқсандағы №ДК-106/12-2024-СПК шешімімен «Каспий» ӘКК» АҚ-ның 2024-2028 жылдарға арналған Даму жоспарының орындалуы туралы 2024 жылдың екінші жартыжылдығына нақтылау есебі бекітілді;

2024 жылы және 2025 жылдың 6 айы бойынша мемлекеттік органдармен тексерістер жүргізілген жоқ.

- Мемлекеттік сатып алуды жүргізу саласы бойынша:

1) Қоғам мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы мемлекеттік сатып алуды жүргізуде Қазақстан Республикасының «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алу туралы» Заңы және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 1253 бұйрығымен бекітілген «Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру» Қағидалары негізінде, сонымен қатар Қоғамның Экономика және жоспарлау қызметінің Ережесіне сәйкес жүзеге асырады.

2) 2024 жыл бойынша мемлекеттік сатып алу жоспары бойынша барлығы 74 келісім шарт жасакталды.

Жоспар бойынша: жалпы сома - 185 663 225 теңгені құрады, шарттар - 184 057 740 теңгеге жасакталды, үнемделген сома - 1 605 484 теңгені құрады.

Іс жүзінде: шарттар бойынша төленген сома - 122 974 999 теңге, үнемделген сома - 28 638 198 теңгені құрайды (*кесте қосымша жалғанды*).

2025 жылдың 6 айы бойынша мемлекеттік сатып алу жоспары бойынша барлығы 51 келісім шарт жасакталды.

Жоспар бойынша: жалпы сома – 207 949 522,68 теңгені құрады, шарттар – 211 038 157,22 теңгеге (ҚҚС-ын қоса) жасақталды, үстемелік сома - -3 088 635 теңгені құрады (кесте қосымша жалғанды).

3) 2024 жылға және 2025 жылдың 6 айы бойынша мемлекеттік органдармен мемлекеттік сатып алуды жүргізу саласы бойынша тексерістер жүргізілген жоқ.

4) «Каспий» ӘКК» АҚ-ның 2024 жылға тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың жылдық жоспары енгізілген толықтырулар мен өзгертулермен Басқарма Төрағасының 2024 жылғы 02 желтоқсандағы №93-ө бұйрығымен бекітілді (жоспар қосымша жалғанды).

«Каспий» ӘКК» АҚ-ның 2025 жылға тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың жылдық жоспары енгізілген толықтырулар мен өзгертулермен Басқарма Төрағасының 2025 жылғы 27 маусымдағы №61-ө бұйрығымен бекітілді (жоспар қосымша жалғанды).

3. Азық-түлік қауіпсіздігі қызметі бойынша тәуекелдер:

«Каспий» ӘКК АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Басқарма төрағасының 2025 жылғы 30 маусым айындағы № 64-ө «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығына сәйкес, ағымдағы жылдың 1-ші шілдеден бастап 30-ші шілде аралығында Қоғамда ішкі талдау жұмыстары жүргізілуіне байланысты келесідей ақпаратты жолдаймыз.

Азық-түлік қызметінің сүйенетін Қағидалары мен функциясы мен қызметін айқындайтын Үлгілік қағидалар.

Өңірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру мақсатында «Каспий» ӘКК АҚ (бұдан әрі - Қоғам) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі №280 бұйрығымен бекітілген Маңғыстау облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың үлгілік қағидалары негізінде әзірленген, Маңғыстау облысы әкімдігінің 2019 жылғы 2 қазандағы №213 қаулысымен бекітілген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларды (бұдан әрі-Қағидалар) басшылыққа алады. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Сауда және интеграция министрінің 2023 жылғы 11 мамырдағы № 166-НҚ «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесін бекіту туралы» Бұйрығы. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі N 301 «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Заңы. Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV «Мемлекеттік статистика туралы» Заңы. Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 66 «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңы.

Қағиданың (бұдан әрі-қағидалар) 4-тармағына сәйкес, әлеуметтік маңызы бар азық - түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру тетіктерін (бұдан әрі-ӘМАТ) тиімді және уақтылы қолдануды қамтамасыз ету мақсатында облыс әкімі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру тетіктерін іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі комиссияны (бұдан әрі-Комиссия) құрады.

2024-2025 жылдары ӘМАТ нарығын тұрақтандыру мақсатында жергілікті бюджеттен қаражат бөлінбеді.

2024 жылы бөлінген Несиелер:

2024 жылы «айналым механизмі» бойынша 3 несие келісім-шарты және 3 –форвардық келісім шарт жасалды:

1. ЖК Әмірғалиева Ә. Қ. – 18 000 000 тг. күріш – 30 тн, күнбағыс майы – 9,45 мың литр, ас тұзы – 13,5 тн.);

2. AGARGAN ЖШС – 30 495 000 тг. (сүт 2,5% - 35 мың литр, айран 2,5% - 90 мың литр, сүзбе 5-9% - 17 тн);

3. ЖК «OTBASY KX» – 205 095 000 тг. (пияз – 460 тн, сәбіз – 560 тн, қырыққабат – 511 тн.)

1. «Baystone» ЖШС (қосымша келісім форвардтық келісім-шартқа) – 427 302 000 тг. (картоп- 1990,2 тн, сәбіз – 427,8 тн, пияз-317,1тн).

2. «Ramazan Qus» ЖШС (форвардтық келісім-шартқа) – 174 182 400 тг. (1 санатты тауық жұмыртқасы – 3 628 800 дана).

3. ЖК «OTBASY KX» (форвардтық келісім-шартқа) – 120 000 000 тг (картоп – 800 тн)

2024 жылы тұрақтандыру қорына – 874,1 млн. теңгеге 10 ӘМАТ түрінен 4 037,1 тонна және 4 223,6 мың дана тауарларына шарт жасалынды.

Атап айтқанда, қарақұмық жармасы – 25 тн, рожки – 45 тн, күріш – 136 тн, күнбағыс майы – 30 мың литр, ас тұзы – 66 тн, қырыққабат – 200 тн, картоп – 2790,2 тн, пияз - 317,1тн, сәбіз – 427,8 тн және тауық жұмыртқасы – 4 223,6 мың дана.

2025 жылы бөлінген Несиелер:

2025 жылы «айналым механизмі» бойынша 1 несие келісім-шарты және 1–форвардық келісім шарт жасалды:

1. «Көркем Алем» ЖШС – 300 000 000 тг. (сиыр еті – 100 тонна);

1. «Ramazan Qus» ЖШС - (форвардтық келісім-шартқа) – 204 120 000 тг. (1 санатты тауық жұмыртқасы – 4 536 000 дана).

Тұрақтандыру қорын қалыптастыру және тауарлық интервенция.

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2019 жылғы 2 қазандағы №13 қаулысымен бекітілген Маңғыстау облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін Қағидаларға сүйенеді.

Бұдан әрі сату интервенциясы жүргізіледі:

Сатып алынған ӘМАТ тауарларын нарықта тауарлардың бағалары шарықтап, тұрақсыздық орнаған жағдайда *сату интервенциясы* жүргізіледі.

1. Сату интервенциясын жүргізу үшін ішкі Комиссия отырысында сату тауарларының шекті сату бағасы бекітіледі және Қоғам статистикалық деректерге сәйкес, ӘМАТ тауарларының апта сайынғы баға индексінің орташа бағасынан 10 немесе одан да көп пайызға төмен бағаларды ұстап тұру ескеріле отырып қалыптастырылады.

2. Одан әрі бекітілген баға бойынша Маңғыстау бойынша сату желілерімен Сатып алу келісім шарттары жасақталады. Сатып алу келісім шарттары бір жыл мезгілге жасалады.

2024-2025 жылдары Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын сату желілеріне жүргізілген тауарлық интервенция:

2024 жылы тұрақтандыру қорындағы тауарларды өңіріміздегі 50-ге жуық сауда орындарына тауарлық интервенция жүргізілді.

Атап айтқанда, картоп - 85,4 тонна, сәбіз – 16,3 тонна, қарақұмық жармасы – 33,8 тонна, күріш – 209,3 тонна, рожки – 4,9 тонна, күнбағыс майы – 15,1 тонна, құмшекер – 738,1 тонна, ас тұзы – 62,6 тонна және тауық жұмыртқасы – 2 116,8 мың дана.

Ал, **2025 жылы** тауық жұмыртқасы – 1 209,6 мың дана, күріш – 78,7 тн, құмшекер – 134,4 тн, қарақұмық жармасы – 15 тн, ас тұзы – 64,6 тн, рожки – 12,6 тн, күнбағыс майы – 21,6 мың литр, картоп – 318,4 тн, қырыққабат – 33,3 тн, пияз – 106,4 тн, сәбіз – 66,7 тн.

Интервенция жасау мақсатында сатылған ӘМАТ тауарларына бағаны тежеу мақсатында операторлар тауар үстінен 10%-дан аса қоса алмайды. Яғни, ӘМАТ тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшеріне дейін сатуды жүзеге асыра алады.

Инвест-проекттер:

Активтер мен инвестицияларды басқару департаменті жүргізген 2024 жылы маусым айында «Бейнеу астық терминалын» жандандыру бойынша Қоғам мен «Eurasia Translogistics» ЖШС 2024 жылғы 3 мамырдағы №08/39/05-2024-СПК қарыз шарты жылдық 6% - бен - 2 031 235 000 теңгеге инвестициялық жобасы бойынша құжаттарын тапсырған болатын.

Инвестициялық жоба аясында Бейнеу астық терминалын жандандырып, Элеватор шаруашылығы-100 000 тонна астықты біржолғы сақтау, ұн тарту өндірісі-тәулігіне 400 тонна, құрама жем өндірісі-тәулігіне 100 тонна, 200 жұмыс орнын құру келісілді.

2024 жылы айналым механизмі тетігі бойынша қаражат алған «Agargan» ЖШС және форвардтық шарт жасалған «Baystone» ЖШС-тері талаптар бойынша міндеттемелерін уақытылы орындамағаны үшін, Мамандандырылған ауданаралық сотқа беріліп, Қоғамның талап арызы қанағаттандырылды.

4. Инвесторлармен жұмыс, коммуникация департаменті бойынша тәуекелдер:

2024 жылғы және 2025 жылдың 1 қаңтар мен 5 наурыз аралығындағы Активтер мен инвестицияларды басқару департаментінің қызметі бойынша

Жарғыға сәйкес, Қоғамның негізгі мақсаттары:

- инвестициялар мен инновацияларды тарту үшін қолайлы экономикалық орта қалыптастыру;
- инвестициялық жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу және т.б., болса, Ережеге сай, Департаменттің негізгі міндеттерінің бірі:
- инвестициялық жобаларды қарау және әзірлеу, олардың орындылығы мен тиімділігін бағалау;
- Қоғамның инвестициялық жобаларын қараудың бекітілген ішкі ережелеріне сәйкес жаңа инвестициялық жобалар бойынша стратегиялық әріптесті тандау процесін ұйымдастыру
- инвестициялық жобалардың мониторингін жүргізу

1. Қоғам «Маңғыстау облысы бойынша тексеру комиссиясы» ММ-ның **15.03.2024 жылғы аудиторлық есебіндегі ескертпелерді орындау мақсатында** активтерді Қоғам игілігіне тиімді пайдалану үшін іс-шара жоспарын әзірленді.

1) «Каспий» ӘКК» АҚ балансында Ақтау қаласында орналасқан, әрқайсысының ауданы 24 шаршы метр құрайтын мобильді сауда павильондары, сондай-ақ көлденең мұздатқыш витриналар, көлденең және тік тоңазытқыш витриналар, мұздатқыштар бар. Аталған павильондар 2018 жылғы 30 мамырдағы №12/60-1/05-2018-ӘКК шегіну туралы келісім негізінде қаржылық көмекті өтеу мақсатында алынды.

«Каспий» ӘКК» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 14 қазандағы №12 хаттамасына сәйкес, www.gosreestr.kz мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталы арқылы тендерлік негізде 10 мобильді сауда павильоны, 7 көлденең мұздатқыш витрина, 9 көлденең тоңазытқыш витрина, 9 тік тоңазытқыш витрина және 4 мұздатқыштарды сату туралы шешім қабылданды.

2024 жылы www.gosreestr.kz мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталы арқылы өткізілген тендер қорытындысы бойынша 4 мобильді сауда павильоны және 1 мұздатқыш сатылды; ал қалған 6 мобильді сауда павильоны, 4 көлденең мұздатқыш витрина, 5 көлденең тоңазытқыш витрина, 1 тік тоңазытқыш витрина және 3 мұздатқыш 2025 жылы сатылды.

Қалған сатылмаған активтер қоғамның балансында сақталуда.

2) «Каспий» ӘКК» АҚ балансында меншікте тұрған активтер бар, соның ішінде 4 дана «Аквалаб-3000» вендинг аппараты бар. Аталған активтер ТОО «Опреснительный завод «Каспий» тарапынан Қоғамға берешекті өтеу мақсатында 2019 жылғы 12 шілдедегі №18/66/07-2019-СПК келісім шартына қосымша №1 келісімшарт негізінде берілген.

«Каспий» ӘКК» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 29 қарашадағы №17 хаттамасына сәйкес, www.gosreestr.kz мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталы арқылы тендерлік негізде мүлікті сату туралы шешім қабылданды. 2025 жылы өткізілген тендер қорытындысы бойынша 3 дана «Аквалаб-3000» вендинг аппараты сатылды. Қалған 1 дана «Аквалаб-3000» аппарат қоғамның балансында сақталуда.

2025 жылғы 5 наурызда «Каспий» ӘКК» АҚ-да құрылымдық өзгерістер енгізілді, оның аясында Активтер мен инвестицияларды басқару департаменті таратылып, оның негізінде келесі құрылымдық бөлімшелер құрылды: Инфрақұрылымды және әлеуметтік жобаларды дамыту департаменті, Стратегия, аналитика және туризм департаменті, Агроөнеркәсіптік кешен жобалары департаменті, сондай-ақ Инвесторлармен жұмыс, маркетинг және коммуникациялар департаменті.

Қазіргі уақытта Инвесторлармен жұмыс, маркетинг және коммуникациялар департаменті Қоғамның жобалары мен активтерін іске асыру қызметін жүзеге асырмайды.

5. Агроөнеркәсіптік кешен жобалары департаменті бойынша тәуекелдер:

«Каспий» ӘКК» АҚ-ның агроөнеркәсіптік кешен жобалары департаментінің (бұдан әрі – Департамент) 2025 жылдың 6 айы бойынша атқарылған қызметі туралы анализ-анықтама.

«Солтүстік Қазақстан облысының тәжірибесі» 2024-2025 жыл.

Маңғыстау облысы бойынша агроөнеркәсіптік кешен саласындағы жобаларға несие беруді жүзеге асыруға 3 000 000 000 теңге бөлінді. Ауыл шаруашылығы мен қайта өңдеу өнеркәсібін қолдау, аграрлық сектордың тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында несие түрінде қаражат беріліп отыр. Жобаға – Түпқараған, Мұнайлы, Қарақия аудандары және Ақтау қаласы қатысты.

Бөлінген сома негізінде «Маңғыстау облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі мен «Каспий» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ арасында бюджеттік несиеге қызмет көрсету бойынша, атап айтқанда несиелік операцияларды ұйымдастырғаны және қолдау көрсеткені үшін сыйақы төлеуге Агенттік шарт жасалды. Сенім білдірілген агенттің көрсеткен қызметтері үшін Сенімді агенттің сыйақы төлеуі бюджеттік несиеге қызмет көрсетудің бүкіл кезеңі ішінде берілген несиелердің жалпы сомасының жылдық 2,49% (ҚҚС-ты ескере отырып) мөлшерінде жүзеге асырылды.

Жоба параметрлері:

Несие беруші: «Маңғыстау облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі;

Уәкілетті агент: «Каспий» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы;

Жобаның мақсаты: Ауыл шаруашылығы мен қайта өңдеу өнеркәсібін қолдау; Жобаның іске асыру мерзімі: 2025-2035 жж;

Жобаның жалпы құны: 2024-2025 жж. – 3,0 млрд.теңге;

Жылдық пайыздық мөлшер: 2,5%.

Жоба мәртебесі: «Маңғыстау облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы» мемлекеттік мекемесі өкілдерінен түскен өтініштер бойынша 3,0 млрд. теңгеге 5 өтінішті қабылдады. АӨК саласындағы жобаларды іріктеу жөніндегі конкурстық комиссиясы жалпы сомасы 3,0 млрд. теңгені құрайтын 5 өтінішті қарап, мақұлдады (кестеге сәйкес).

№	Жоба атауы	Жоба мақсаты	Несие сомасы
1	ТОО «Ақтау агро»	Құстарды жөндеу алаңын салуға және жабдық сатып алуға, аналық құстарды күтіп-бағуға арналған алаң үшін жабдық сатып алу	1,3 млрд.
2	ТОО «Аташ Фиш Пром»	Консервіленген балық өнімдерін өндіруге арналған мұздатқыш қоймасын салу және мұздатқыш жабдықтарын сатып алу	233 500 мың.
3	ТОО «Organic fish»	Теңіз форельін өсіру	800 млн.
4	ИП «Жантілек»	Қой өсіру және жүн, былғары өңдеу, сүт, ет өнімдерін өндіру цехын ашу	300 млн.

5	ИП «ASIA FRUIT Aktau»	Көкөніс қоймасын салу және тоңазытқыш жабдықтарын сатып алу	566 500 мың.
---	-----------------------	---	--------------

6. Инфрақұрылымды және әлеуметтік жобаларды дамыту департаменті бойынша тәуекелдер:

2024 жыл

1. «Облыс орталығы Ақтау қаласынан Мұнайлы ауданына қатынайтын қоғамдық көліктерді жаңарту» жобасы.

2023 жылғы 06 сәуірдегі «Каспий» ӘКК АҚ Директорлар кеңесінің №93/0404-2023-СПК шешімімен Қоғам Жобаның қатысушылары - «Айгараков Сырлыбай Бисенович» ЖК мен «Ахметнабиев Руслан Слямханович» ЖК-бірлесіп, «Облыс орталығы Ақтау қаласынан Мұнайлы ауданына қатынайтын қоғамдық көліктерді жаңарту» жобасын жүзеге асыру келісілді.

Жоба Параметрлері:

Жобаның мақсаты: Маңғыстау облысында жолаушыларды қоғамдық көлікпен тасымалдау бойынша ең қауіпсіз, ең қолайлы және сапалы қызмет көрсету, жолаушылар тасымалы нарығын жаңа сапалы автобустармен қанықтыру.

Жобаның жалпы құны: 1,3 млрд. теңге.

Жобаны іске асыру барысында 30 жұмыс орнын құру жоспарлануда.

Жобаны жүзеге асыру үшін лизингтік қаржыландыру арқылы отандық өндіруші «QazTehna» ЖШС-дан 20 бірлік көлемінде, «Yutong ZK6116HG» маркалы дизельді қозғалтқышы бар жаңа автобустар сатып алу жоспарлануда.

Жобаның мәртебесі:

Қаржылық лизинг нысанының жалпы құнының 20%-ы мөлшерінде аванстық төлем 264 740 000 (Екі жүз алпыс төрт миллион жеті жүз қырық мың) теңге Маңғыстау облысының бюджетінен бөлінді.

30.05.2024ж. «Каспий» ӘКК АҚ мен «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арасында №438/ҚЛ қаржылық лизинг шарты жасалды. 2024 жылдың соңына дейін автобустардың келуі жоспарланып, жыл соңына дейін 100 пайыз келген.

2. «Ақтау қаласының тұрғын үй-коммуналдық қызметтерін бірыңғай төлем құжатына біріктіру» жобасы.

04.07.2023 жылғы «Каспий» ӘКК АҚ Директор кеңесінің №СД-95/07-2023-СПК шешімімен Қоғам Жобаның қатысушылары - «Астана-ЕРЦ» ЖШС және «IT Tech Company» ЖШС-мен бірлесіп, «Ақтау қаласының тұрғын үй-коммуналдық қызметтерін бірыңғай төлем құжатына біріктіру» инновациялық жобасын іске асыру келісілді.

Жобаның мақсаты: тұрғындарға қызмет көрсету сапасын жақсарту, оның ішінде бірыңғай түбіртек бойынша тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге ақы төлеу мүмкіндігін беру.

Жобаның құны: 12 млн. теңге.

Ең төменгі жарғылық капиталы бар «Маңғыстау ЕРЦ» ЖШС бірлескен кәсіпорны құрылды. БСН: 230740029476.

Жобаның мәртебесі:

28.10.2024 жылғы жағдай бойынша «Маңғыстау ЕРЦ» ЖШС бірыңғай төлем құжатының құрамына коммуналдық және өзге де қызметтердің жеткізушілер кіреді, оның ішінде: «МАЭК» ЖШС, «Каспий жылу, су арнасы»

МКК (КЖСА), «Евросервис ДжО» ЖШС (ҚТҚ шығару бойынша қызметтер), «Гаухартас» ЖШС (КСК қызметтері), «Каспиклининг» ЖШС (КСК қызметтері), Ақтау қаласы бойынша МКБ, «Нуреке Сервис» ЖШС (КСК қызметтері), Tomiris Towers МИБ (КСК қызметтері), «Досиметова Ф.М.» ЖК (КСК қызметтері), «Соцсервис-А» ЖШС (қоқыс шығару бойынша қызмет), «ЛифтСпецСтрой» ЖШС, «Батыс» ЖК, «Салем» ТК, «Берекелі Шаңырақ» ТК. Дербес шоттардың жалпы саны 103 мыңға жуық, оның ішінде: 97 мың жеке тұлғалар және 6 мың заңды тұлғалар.

- Төлемдерді қабылдау қызметі орнатылған. Төлемді онлайн, банктік қосымшалар арқылы, «Қазпошта» АҚ кассаларында жүргізуге болады.

- Жергілікті қамтылған салықтарды БТҚ-қа енгізу тетігі пысықталды, соның салдарынан «Ақтау қаласы әкімінің аппараты» ММ-мен көрсетілген қызметтерді БТҚ-қа енгізу жөнінде шарт жасалды.

- Серіктестік бұрын мәлімделген тарифті 55,39 теңгеден 27,47 теңгеге дейін төмендеткен, себебі «Астана-ЕРЦ» ЖШС өндірістік функциялар мен шығыстардың бір бөлігін өзіне алғандығына байланысты.

2024 жылғы 09 қыркүйекте Маңғыстау облысы әкімінің бірінші орынбасары Е. Избергеновтің төрағалығымен және Ақтау қаласының коммуналдық қызметтері өкілдерінің қатысуымен БПД енгізу және БПД құрамына кіретін коммуналдық және өзге де қызметтер санын көбейту мәселесі бойынша жиналыс өтті.

3. «Бейнеу астық терминалының қызметін қайта бастау» жобасы.

05.03.2024 жылғы «Каспий» ӘКК АҚ Директор кеңесінің №ДК-101/03-2024-ӘКК шешімімен «Каспий» ӘКК» АҚ мен «Eurasia Translogistics» ЖШС арасында Бірлескен қызмет туралы шарт жасасу арқылы «Бейнеу астық терминалының қызметін қайта бастау» инвестициялық жобасын іске асыру келісілді.

2021 жылы «Бейнеу астық терминалы» ЖШС банкрот деп танылды және көп функционалды мүліктік кешен бірнеше жыл жұмыссыз қалды. 2021 жылғы 22 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы өткен кеңесте Бейнеу астық терминалының жұмысын қайта бастау бойынша № 04-494//21-01-7.17 тапсырма берілді (1.4.10-тармақ).

Жобаның параметрлері:

Инвестициялық жобаның атауы – «Бейнеу астық терминалының қызметін қайта бастау»;

Жобаның мақсаты – өңірді өз өндірісінің ұнымен қамтамасыз ету, сондай-ақ ауыл шаруашылығы қызметін жеммен қамтамасыз ету.

Жобаны іске асыру барысында 200 жаңа жұмыс орнының құрылуы жоспарланған.

Жобаның құны – 3 831 235 000 теңге.

Қаржыландыру тетігі:

- 2 031 235 000 (екі миллиард отыз бір миллион екі жүз отыз бес мың) теңге, «Каспий» ӘКК АҚ-мен бірлескен қызмет туралы шарт негізінде 5 жылға 6% пайызбен берілді;

- 1 800 000 000 (бір миллиард сегіз жүз миллион) теңге көлемінде қайырымдылық көмек «Маңғыстау индустриялық палатасы» ЗТБ-ға «Халық» қайырымдылық қоры» жеке қорынан, одан әрі «КУСА Халық» ЖШС-не Бейнеу астық терминалы кешенін сатып алу үшін аударылды.

Жобаның мәртебесі:

29.04.2024ж. «Бейнеу астық терминалының қызметін қайта бастау» жобасын бірлесіп іске асыру бойынша №08/32-04-2024-ӘКК шартына қол қойылды.

30.04.2024 ж. «Eurasia Translogistics» ЖШС мен «КУСА Халық» ЖШС арасында Бейнеу астық терминалы кешенін сатып алу-сату шарты жасалды.

Бүгінгі таңда «Eurasia Translogistics» ЖШС инвесторы Бейнеу астық терминалы кешенін жаңарту бойынша жұмыстар жүргізуде. Техникалық жұмыстарды жүргізу бойынша шетелдік мамандар шақырылды.

Сонымен қатар, «Eurasia Translogistics» ЖШС ұсынған «Бейнеу астық терминалы» кешені Қоғамға кепіл ретінде алынды.

4. «Маңғыстау облысы бойынша жаңа ауданаралық маршруттарды ұйымдастыру» жобасы.

19.02.2024 жылғы «Каспий» ӘКК АҚ Директор кеңесінің №ДК-100/02-2024-ӘКК шешімімен «Каспий» ӘКК АҚ-ның тәуелді ұйымы – «Caspian Trans Corporation» ЖШС-ның 76 автобус сатып алу арқылы «Маңғыстау облысы бойынша жаңа ауданаралық маршруттарды ұйымдастыру» инвестициялық жобасын іске асыру келісілді.

Жобаның параметрлері:

Инвестициялық жобаның атауы – «Маңғыстау облысы бойынша жаңа ауданаралық маршруттарды ұйымдастыру»;

Жобаның мақсаты – Маңғыстау облысында жолаушыларды қоғамдық көлікпен тасымалдау бойынша ең қауіпсіз, ең қолайлы және сапалы қызмет көрсету, жолаушылар тасымалы нарығын жаңа сапалы автобустармен қанықтыру.

Жобаның құны – 5 144 740 000 теңге.

Жобаны жүзеге асыру үшін лизингтік қаржыландыру арқылы өндірушіден 76 бірлік көлемінде жаңа автобустар сатып алу жоспарланған.

Жобаның мәртебесі:

23.08.2024 жылы «Каспий» ӘКК АҚ және «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арасында кепіл шартына қол қойылды.

Сонымен қатар, «Caspian Trans Corporation» ЖШС мен «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арасында қаржылық лизинг шарты жасалды.

Жоба жүзеге асырылды.

2025 жыл

1. Жолаушыларды тұрақты автомобиль тасымалы қызметін ұйымдастыру «Маңғыстау-Батыр-Маңғыстау, Маңғыстау-Атамекен-Маңғыстау және Қарақия ауданында «Құрық-Қарақия», «Жетібай-Мұнайшы» бағыттары бойынша.

Жобаның мақсаты:

Маңғыстау облысының аудандық маршруттары үшін «Yutong ZK6890HGQ» маркалы 10 автобус сатып алу.

Жобаның жүзеге асырылу мерзімі – 2025-2026 жылдар.

Жобаның құны – 648 млн теңге.

Жобаның мәртебесі: «Каспий» ӘКК Акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің отырысына шығарылды.

2. Ақтауда №12 маршруты бойынша автобус паркін кеңейту.

Жобаның мақсаты: Маңғыстау облысының аудандық маршруттары үшін «Yutong ZK6890HGQ» маркалы 10 автобус сатып алу.

Жобаның жүзеге асырылу мерзімі – 2025-2026 жылдар.

Жобаның құны – 708 млн теңге.

Жобаның мәртебесі: «Каспий» ӘКК АҚ Директорлар кеңесінің отырысына шығарылды.

3. Түпқараған ауданы бойынша «Ақтау-Сайын Шапағатов-Ақтау» маршрутына арналған автобус паркін жаңарту.

Жобаның мақсаты: Маңғыстау облысында қоғамдық көлік қызметтерін барынша қауіпсіз, ыңғайлы және сапалы түрде ұсыну, автобустарды күту уақытын қысқарту, сондай-ақ жолаушылар тасымалы нарығын жаңа сапалы автобустармен жандандыру.

Жобаның жүзеге асырылу мерзімі – 2025-2026 жылдар.

Жобаның құны – 727 млн теңге.

Жобаның мәртебесі: «Каспий» ӘКК АҚ Директорлар кеңесінің отырысына шығарылды.

7. Стратегия аналитика және туризм департаменті бойынша тәуекелдер:

Туристік саланы дамыту мақсатында «Каспий» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы АҚ 2025 жылғы наурыз айында Стратегия, аналитика және туризм департаменті құрылды (*Директорлар кеңесінің 2025 жылғы 5 наурыздағы №109/03-2025-СПК шешімі*).

2025 жылдың наурыз айынан бастап Департамент туристік салаға инвестициялар тарту бойынша жоспарлы жұмыс жүргізді, атап айтқанда әлеуметті серіктестермен келіссөздер жүргізілді, тұжырымдама әзірленді және ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды.

Департамент ағымдағы жылға бірнеше басым бағыттарды айқындады – бұл экологиялық туризмді дамыту «Караванинг» жобасы (үй автокөліктерін жалға алу және саяхаттау), медициналық туризмді дамыту «Заманауи курорттық шипажай кешеннің құрылысы», сондай-ақ «Nomad eco resort» эко-курорт құрылысы.

«Заманауи курорттық шипажай кешен құрылысы» жобасы бойынша атқарылған жұмыс:

- Отандық және халықаралық шипажайлардың тізімі жасалды (55 шипажай);
- Әлеуметті инвесторлармен келіссөздер жүргізілді. Хаттар жіберіліп қоңырау шалу және ZOOM кездесулері өткізілді;
- Sairam Resort шипажайының (5-6 мамыр) және «BCC Project» ЖШС компаниясының (30 сәуір) өкілдерінің алғашқы Ақтауға іс-сапарлары;
- «BCC Project» ЖШС-мен (30 сәуір) 6 га «Жылы жағажай» аумағында Курорттық шипажай салу бойынша ынтымақтастық туралы Меморандумға қол

койылды;

- Мамыр айында «BCC Project» ЖШС-нен өтінім келіп түсті, қазір барлық құжаттарды заң қызметі тексеруде. Сондай-ақ Денсаулық сақтау және Туризм басқармасынан салалық қорытынды алынды (жалпы жобаның құны 5 млрд теңге, оның ішінде 51% «BCC Project» ЖШС, ал «Каспий» ӘКК АҚ 49% қаржыландырумен қатысады).

- Бұл жоба кезекті маслихат сессиясына шығарылатын болады.

«Караванинг» жобасы бойынша (үй автокөліктерін жалға алу және саяхаттау):

- Жоба тұжырымдамасы әзірленді;

- Жергілікті каршерингтік (автокөліктерді жалға беретін) компаниялармен кездесу өткізілді (23 сәуір);

- Қазақстандық «Караванинг және кемпинг» қауымдастығымен Алматы қаласында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды (24 сәуір);

- Туризм басқармасы Караванинг жобасына арналған 4 туристік орынды алдын-ала анықтады (Бозжыра, Шерқала, Голубая лагуна және Ыбықтысай);

- «Mangystau Wonders» компаниясы глемпинг-базалар құруды және үй автокөліктерін сатып алуды көздейтін «Glamp Mangystau» жобасына 1,5 млрд теңге көлемінде қаржыландыру алу үшін құжаттар дайындау сатында.

Эко курортты дамыту бойынша:

- Жоба бойынша серіктестер анықталды. «Pine Hills Group» девелоперлік компаниясы және жергілікті кәсіпкер «Жәрдем Ақтау» ЖШС;

- Эко курорт жобасының Тұжырымдамасы әзірленді;

- Бірнеше ZOOM кездесулері өткізілді;

- 2025 жылғы 2 мамырда Pine Hills Group және жергілікті кәсіпкер «Жәрдем Ақтау» ЖШС және «Каспий» ӘКК АҚ-мен ынтымақтастық туралы үшжақты меморандумға қол қойылды;

- Эко курорт жобасын іске асыру үшін учаске анықталды;

- Жергілікті кәсіпкер учаскені бағалауды және кепіл мүлкін бағалауды жүргізеді.

Департамент тұрақты негізде кәсіпкерлермен туристік саланың жобалары үшін несие беру мәселелері бойынша күнделікті консультациялық жұмыстар жүргізеді.

Бұдан басқа, бүгінгі таңда Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің негізгі құжаттарына сәйкес, сондай-ақ Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарына сәйкес «Каспий» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы АҚ-ның 2023-2027 жылдарға арналған Даму стратегиясын әзірлеу жүргізілуде.

8. Құқықтық қамтамасыз ету қызметі бойынша тәуекелдер:

2024 жылы барлығы 1 403 455 488 теңгеге 26 талап арыз берілген. Соның ішінде 1 338 504 293 теңгеге талап арыз қанағаттандырылып, қарыз ақша өндірілді.

2025 жылы 1 171 313 583 теңгеге 18 талап арыз берілді. Соның ішінде 60 577 685 теңгеге талап арыз қанағаттандырылып, қарыз ақша өндірілді.

Сонымен қатар, құқықтық қамтамасыз ету қызметімен жалпы сомасы 3 188 603 190 теңгені құрайтын 45 проблемалық атқару іс-жүргізілуде, оның ішінде:

- 7 атқару ісі бойынша 782 737 746 теңгеге келісім (график негізінде), жасақталды;

- 7 атқару парағы бойынша 239 182 409 теңгеге толықтай орындалып атқару өндірісі жабылды;

қалған 2 166 683 035 теңгеге тиісті атқару өндірісі атқарылуда.

Бұдан басқа, 131 бұйрықтар, 133 шарттар және 44 сенімхаттар жасақталды. Сондай-ақ, құқықтық қамтамасыз ету қызметі тарапынан жобаларға 32 құқықтық қорытынды беріліп, 133 шартқа құқықтық сараптама жасалды.

Ұсынымдар:

- Әрбір жоба бойынша, оның басталуынан толық аяқталуына дейін сүйемелдеуші қызметкерлерді және оны қадағалаушы жетекші орынбасарының жауаптылығын арттыру мақсатында, Басқарма төрағасының бұйрығымен бекіту;

- Қоғамның Жарғысындағы негізгі талаптарының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында жауапты тұлғалардың жауапкершілігін арттырып, бұл бағыт бойынша жұмыстану.

Қоғаммен байланыс, әлеуметтік желі жүргізу және Қоғамның ресми сайты жүргізу ұйымдастыру мен ақпараттық құралдармен жұмысы бойынша.

Ресми сайт, әлеуметтік желілер және интернет-ресурстары бойынша жұмыстар жүргізуді, себебі жауапты тұлға (баспасөз хатшысы) 2025 жылдың 14 сәуірден бастап тағайындалғанын, осыған дейін қоғамның интернет-ресурстары бойынша жұмысы тиісті деңгейде жүргізілмегені анықталды, бұл тексеру комиссиясының 15.03.2024 жылғы аудиторлық есебінде өз растауын тапты. (аудиторлық есептің 25, 26-тармақтарына сәйкес).

Ұсынымдар:

- Жалпы ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында, Қоғамның ресми сайтының жұмысын қалпына келтіріп, үнемі хабарландырулар, жаңалықтар мен өзгерістерді уақытында енгізу және қадағалау;

- Басқарма төрағасына әр тоқсан сайын, атқарылған және ұйымдастырылған іс-шаралар туралы есеп беруге.

Қолданыстағы ішкі нормативтік-құқықтық актілер бойынша

Қоғам қызметін реттейтін ішкі нормативтік-құқықтық актілер мен құжаттамаларды ішінара талдау барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыратын дискрециялық өкілеттіктер анықталған жоқ.

Жоғарыдағының негізінде, Қоғам қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау, түп-тамырымен жою мақсатында, Департаменттер мен қызмет басшыларына, жетекші орынбасарларымен келісе отырып, ұсынылады:

- енгізілген ұсынымдардың орындалуы бойынша, жоспар құрып, бекітіп, уәкілетті қызметкерге (комплаенс офицер) ұсынуға;


- жұмыс тобына 6 ай мерзімі ішінде талдау нәтижесін мониторингілеуге, орындалуына баға беруге және қадағалауға.

- уәкілетті қызметкер (комплаенс офицер) жалпылама жинақтауға.

Жұмыс тобы:



Ж.Б. Бекарысова



М.А. Алхамов

